

**Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту бойынша семинар кеңестің
хаттамасы № 2**

Өткізілу күні: 01.04.2025 ж

Уақыты: 15.00.

Қатысқандар саны-56 адам. (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №7 Хромтау мектеп-гимназиясында педагогтерді аттестациялау бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету туралы.
Тургумбаева А.М.-мектеп-гимназиясының директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Тургумбаева А.М.-мектеп-гимназия директоры

Мектеп-гимназия директоры А.М. Тургумбаева мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуы және 2025 жылғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2 бөлімі 9 тармағы негізінде бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру «Е Ақтобе», «mekter.akt.kz» электрондық форматта ("электрондық үкімет" веб-порталы) арқылы және қағаз түрінде екі тәсілмен жүзеге асырылады. 2025-2026 оқу жылына «---орта мектебі» КММ-нің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау 2025 жылдың 01 сәуірінен 30 тамыз аралығында дейін мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жүргізіледі.

Оқуға қабылдау кезінде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыларға өтініш берген бірінші үш бала, содан соң - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткердің оқуға қабылдануы керек екенін ескеруіміз керек. Бірінші сыныпқа қабылдауда білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша сынып жасақтауға рұқсат етілмейді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Курманбаева Г.Т. директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары.

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына енгізілген ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025 № 32 бұйрығымен өзгерістер туралы айтылды.

Мемлекеттік қызмет egov.kz "Электронды үкімет" порталы, "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі :Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған құжаттарды қабылдау туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту хабарламасы. Көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі

Жұмыс кестесі: egov.kz "Электронды үкімет" порталы және "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны арқылы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне

сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мектептегі педагог қызметкерлерді осы қызметті алу үшін _ өтініш берген кездегі талап етілетін құжаттар тізбесімен таныстырды, педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыста шешім қабылданды:

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген жауапты тұлғалардың заңдылықтарды сақтауы қатаң бақылансын.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:

А.М. Тургумбаева
А.Х. Қалиева